

3. Науқас 45 жаста, 9 жылдан бері терапевттің бақылауында созылмалы бронхит диагнозымен ем алуда. Науқасты ентікпе, қақырықпен жөтел, әлсіздік, температура көтерілуі мазалайды. Тәбеті төмендеген, тері жабындылары бозғылт, терісі құрғақ. Кеуде клеткасы астеникалық формада. Жауырын аралығында перкуторлық дыбыстың қысқаруы байқалады. Екі жақтан да шашыранды құрғақ сырыл, әлсіз тыныс.

ЖҚА: лей-10,0, лимф-21%, м-11%. ЭТЖ-24 мм/сағ. Қақырықта ВК+.

Рентгенограммада: Жоғары бөліктерінде өкпе алаңы тарылған, өкпе ұшында диаметрі 3 см сақина тәрізді көлеңке. Барлық өкпе алаңында, әсіресе жоғары бөліктерінде симметриялы, өлшемі мен интенсивтілігі әр түрлі көптеген ошақ көлеңкелері, түбірінің көлеңкелері жоғарыға тартылған, төменгі бөлігінің мөлдірлігі күшейген. Диафрагма күмбезі тығызданған.

Диагноз қойып, негіздеңіз?

1. Науқас 17 жаста, 4 жыл бұрын туберкулезді бронхоаденит бойынша диспансерлік есептен шығарылды. Ауру бірден басталды, Т-39,3С, жалпы жағыдайы ауыр, санасының күңгірттенуі байқалады.

ЖҚА: лей-13,5, лимф-17. м-20. ЭТЖ-30 мм/сағ. ВК(-). 2ТЕ. Манту сынағасына реакция теріс. Өкпесінде әлсіз тыныс, жауырын аралықта құрғақ сырыл бірен саран. Рентгенограммада-екі жақтық ұсақ ошақты симметриялы диссеминация, екі өкпеде де, әлсіз интенсивті, өкпе түбірінде-кальцинаттар.

Диагноз қойып, оны негіздеңіз?

2. Ер адам 35 жаста, бұрын ауырмаған. Соңғы 3 айда әлсіздік, меңзендік, аздаған қақырықпен жөтел, озноб, температураның кезеңмен көтерілуі байқалады. Флюорограммада: өкпенің жоғары бөліктерінде орта және ірі өлшемді ошақтар, әлсіз және орта интенсивті, контуры анық емес, төменгі бөліктерінің мөлдірлігі жоғарылаған.

1. Диагноз қойыңыз?

2. Керекті зерттеу тағайындаңыз?